



Бекітімін: *Мануф*

Министрлік Шалдабаева Ж.С.

Женс беру ушымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі

Тәрбиелу - білім беру процесінің циклограммасы

Жоспарның күршігү кезеңі: 21-25 казан 2024ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.10	Сейсенбі 22.10	Сарсенбі 23.10	Бейсенбі 24.10	Жұма 25.10
Балаларды қабылдау.	Сәлемдесу Максаты: топта сенім атмосферасын құруды жалғастыру; топтық үйлесімділік пен эмоционалды экспрессивтілікті, зейінді, реакция жылдамдығын дамыту. Әр бала өз атын айтады. Барлық басқа балалар, жаңғырық сияқты, оны кайталайды. (Казак тілі, коршаған ортамен танысу) «Күй күмбірі» : «Табигат»күйі				
Ата-аналармен әнгімелесу, кенес беру	Ата-аналармен баланың көніл-күйі, денсаулығы, туралы әнгімелесу «Дүрыс тамақтану, тамақты үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқынты карауды қалыптастыру				
Балалардыңдер бесәрекеті (баяу кимылды ойындар, Үсті ойындары, бейнеслеуәрекет і, кітаптар карау және тәғсіл атқару басқа әрекеттер)	«Табигат мінезді» Сюжеттік ойындар: «Сіңірлы фломастер» еркін сурет салу. Не артық? Максаты: Балаларды суретке қараң, оларды топтастыруға үйрету. Күстар мен жаңуарлардың жеке және жалпы аттарын айтызу. Оларды коргауга камкоршы болуға тәрбиелу. «Табигат мінезді» жаттығуы(айналаныздагы лармен танысу, сойлеуді дамыту-ойни, танымдық және коммуникативтік іс- әрекет)	Еркін сурет салу қызметі- траfaretten сурет салу Максаты: траfaretterді колдана отырып, сурет салуды үйрету, колданың ұсак моторикасын дамыту. (сурет салу- шығармашылық қызмет)	Ойын- жаттығу: «Тұган жер табигатын корғау керек пе, алде жок на?» әнгімелесу, сұрақ жауап Ойын: «Жер шары» Фотосурегтер карау. Енбек тапсырмасы: Гүлдерге су кую (коммуникативтік, танимылдық қызмет)	"Көңілді фигурандар" дидактикалық ойыны Максаты: геометриялық фигурандар туралы білімді бекіту, заттардың пішінін белгілі геометриялық фигурандармен байланыстыру кабілетін қалыптастыру. (математика негіздері – танимылдық қызмет)	
Тапертеңгі жаттығу	Біркатарамен жүргізу. Жүргутүрлері: ұшымен, колжогары; өкшемен-қолбасынартында; Жүтіру түрлері: бір катарамен; екі аяқпен секіру, кол алдында.				

	<p>Жұғіру түрлері: бір қатармен; екі аяқпен секіру, кол алдында. Шенберге тұру.</p> <p>Б.к. – н.т., кол иышта</p> <p>1.Қол жогары.2.Б.к.3.Қол жогары.4.Б.қ (5-6 рет)</p> <p>Б.к. аяқты кен ашып тұрысы, кол жан-жакка</p> <p>1.Оң тізені жогары көтеру.2.Б.к.3.Сол тізені жогары көтеру.4.Б.к. (5-6 рет)</p> <p>Б.к. – н.т., колбелде</p> <p>1.Оң жаққаенкею.2.Б.к.3.Солжакқа еңкею.4.Б.қ (5-6 рет)</p> <p>Б.к.аяқтыкенашыптыру, колартындатрелеп</p> <p>1.Оң аяқты көтеру.2.Б.к.3.Солаяқты көтеру.4.Б.к. (5-6 рет)</p> <p>Б.к. - н.т., колтөмен</p> <p>-4 екіаяқпенсекіру, колшапалакта (4 рет)</p> <p>Жұғіру. Біркатаарменжұру.Тынысалужаттығу«Сагаттар» - екіаяқты бос ұстап, колынжіберу; тұзуколдарынілгерікейінкозғап «тиктак,тиктак» - депайту; мұрнымендеміншектартып, дыбыспендеңіншырткашығарады (5-6 рет).</p>
Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Біртұтас тәрбие: Казан «Тәуелсіздік және отаншылдық айы» Апта дәйексөзі: «Отаным - алтын бесігім!»</p>
	<p>K.Р.әнұранын орындау</p> <p>«Затты сипатта» Мақсаты:заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, коршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сезілік корын дамыту. (таннымдық және коммуникативті іс-әрекет)</p> <p>«Шатыспақ » ойыны Мақсаты: есту кабілетін, есте сактау, сезімталдығын, сезілік корын дамыту</p> <p>Ертегілік «Мен Отаныммен мақтанамын!» Мақсаты:отанга деген сүйіспеншілігін ояту</p>
Білім беру үйымының кестесі Бойынша үйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сойлеуді дамыту Мен білімді баламын Мақсаты: Тындалған мәтіндері ақпаратты сурет, сызба, белгілер колданып жеткізу Міндеті: Алуан түрлі заттарды сипаттауга, карым-катьнас жасауга</p> <p>Саят ашу негіздері Дыбыстық талдау Мақсаты: Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру Міндеті: Салт-дәстүрлерімен таныстыруду арқылы ауызекі сойлеуді</p> <p>Математика негіздері 10 саны Мақсаты:10 санын кері саная Міндеті: Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен таныстыру «Реті бойынша сапка тұр» ойын жаттығуы. 0-9 цифрлары мен 10</p> <p>Сойлеуді дамыту Отбасым- бақыт мекенім Мақсаты: Отбасындағы өзара сыйластықка тәрбиелу. Міндеті: Алуан түрлі заттарды сипаттауга, карым-катьнас жасауга қажетті сезідерді колдану және түсіну, оларды</p>

<p>қажетті сөздерді колдану және түсіну, оларды сейлегенде белсенді колдану дағдыларын калыптастыру.</p> <p>«Балалар, коніл күйлерің қандай?» ойны</p> <p>Максаты:Әз коніл күйлерін эмоциямен, ым-ишарамен, кимыл-козгалыспен корсету</p> <p>«Танысу» ойны</p> <p>Максаты:Әңгіме желісін тоқтатып, ықылас білдірген балаларға оку күралдарының атрибуттарын кигізіп, кайсысы өзін калай таныстыруы мүмкін диалогті сұралқ-жауап арқылы сақналап жағластыруларын сұрау</p> <p>Математика негіздері</p> <p>10 саны және цифры</p> <p>Максаты: 10 санымен таныстыру. 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сойкестендіруге үйрету;</p> <p>Міндетті:10 келеміндегі сандарды тұра және кері санауга жаттықтыру</p> <p>Ойнын тапсырма.</p> <p>Цифрлардың үстінен саусағынмен жүргіз.</p> <p>Ермексаздан жаса.</p> <p>«Сана» ойнын жаттығуы.</p>	<p>дамыту;</p> <p>«Салт дәстүрлер»</p> <p>Дид.ойны</p> <p>Максаты:Салт дәстүрлерді атай отырып,сөздердегі дыбыстарды талдау</p> <p>«Дауысты ма,дауыссыз ба?»Ойнын жаттығуы</p> <p>Максаты:Дауысты дыбыстарды</p> <p>кызыл,дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілету</p> <p>Саусак жаттыгулары</p> <p>Үзік сыйыктарды бастырып жазу</p> <p>Коршаган ортамен таныстыру</p> <p>Менін тұган өлкем</p> <p>Максаты: Тұган өлкеге сүйіспеншілтерін ояту</p> <p>Міндетті: Тұган өлкес, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, онын маңызы туралы білімдерін көздейту</p> <p>«Тұган өлкем» олени</p> <p>Максаты:</p> <p>мәнерлеп оқуға үрету</p> <p>Тұган өлкес тақырыбында мақал-мәттелдер айтуда</p> <p>Көркем адебиет</p> <p>Елордамыз–Астана</p> <p>Максаты: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуда үрету.</p>	<p>цифры бар карточкаларды шығаруды, ретімен құрастыруды ұсынады</p> <p>Ойны жаттығуы</p> <p>«Цифрды жина» Педагог корытынды жасайды, балаларды маддектайды.</p> <p>Балалар іс-әрекетінде не үнаганы туралы айтады.</p> <p>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады.</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Дыбыстық талдау</p> <p>Максаты: Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру</p> <p>Міндетті: Сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p>«Айсұлудың ойыншылары» ойнын жаттығуы</p> <p>Максаты:Ойнышык атауларына дыбыстық талдау жасау</p> <p>«Менін добым» дид.ойны</p> <p>Максаты:Доп сөзіне дыбыстық талдау жасату,доп туралы жұмбактар шешкізу</p> <p>Саусак жаттыгулары</p> <p>Үзік сыйыктарды</p>	<p>сейлегенде белсенді колдану дағдыларын калыптастыру.</p> <p>Санамақ:</p> <p>Бас бармағым –атам үйдін данасы</p> <p>Балан үйрек-әжем ошак анасы.</p> <p>Ортан тере әкем отау панасы</p> <p>Шылдың шүмек-шешем шанырак ажары.</p> <p>Титей бөбек-мен бәріні базары.</p> <p>Ойын: Кім жок?</p> <p>Балалар тақтадағы суреттерді ажыратады.Отбасы мүшелерінің кайсысы жок?</p> <p>Бір-бірімізге ғажайып сөздер айттайык.</p> <p>Әжем</p> <p>Таусылмайды өлеңі, Күнде айтып береді.</p> <p>Барған сайын бір жакка, Кәмпіт алып келеді.</p> <p>Құттықтаймын гүл беріп, Өзімнін тұган анамды.</p> <p>Адамдар күз ұл болып, Аналардан жаразады.</p> <p>(Такпакты жаттау)</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Қанша?</p> <p>Максаты: 10 келеміндегі сандарды тұра және кері санауга жаттықтыру.</p>
---	---	---	---

<p>Педагог ойыншыларды 1-ден 10-га дейін санауды ұсынады. Бұл есеп тұра санау деп аталағы. Кері тәртіппен санауды сұрайды. 10-нан 1-ге дейінгі цифры көрсетеді. Бұл есеп кері санау деп аталағы. Содан кейін педагог ойыншыларды ретімен 6, 1 санауды сұрайды: бірінші, екінші, үшінші... оныншы. Және кері санауды сұрайды оныншы, тоғызыншы, сегізінші, ... бірінші. «Санаамақ саусактар» ойыны.</p> <p>Бұл ойын үшін әр колда саусак үлгісі және карточкаларда 1-ден 9-га дейінгі цифрлар болуы керек. Балалардан әр колының саусактарын көрсетуін сұра, содан кейін көрсетілген саусактарға сәйкес келетін карточкаларға шифрды көрсетуін сұра.</p> <p>Казак тілі</p> <p>Ас атасы -нан</p> <p>Максаты: Балаларға нанның қайдан келетінін, оны қалай жасайтыннын, оны кім есіретінін және пісіретінін таныстыру</p> <p>Міндеті: Қазақ халқының мәдениетін егін шаруашылығына баулу</p>	<p>Міндеті: Балалардын назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.</p> <p>Батыrbай Сейбадуллаевтың «Астана» олеңімен танысамыз.</p> <p>Максаты: Астана – еліміздің баскаласы. Біз Астана туралы жыргап, мактан етеміз. Өлең сөз адамның жан тебірсінің әсерлі етіп, үйқас сөздермен жүрекке жеткізу</p> <p>Елордам– Астана Кислі менің Елордам, Арудай сұлу таранған. Береке, бірлік, достықтың Тұнығынан нәр алған. Жайтай бер, жана Астанам, Ертегідей ғажап бас калам.</p> <p>Ынтымактың тербел бесігін, Тәүелсіз ел көшін бастаган.</p> <p>Сәулеңді шаш еліңе, Нұрынды төк жеріңе. Кислі менің Елордам, Бак болып қонған төріме.</p> <p>Мнемокестедегі суреттер арқылы такпақты жаттатату Өлеңді 2-3 рет жогары,</p>	<p>бастырып жазу</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>Арыстан мен тышқан</p> <p>Мақсаты: Сахналық койылымға катысуға жетелеу.</p> <p>Міндеті: Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: галамтордан, теледидардан, жақындарының әнгімесінен алған акпараттарымен, әсерлерімен болісуіне мүмкіндік беру</p> <p>Жұмбак</p> <p>Айбарлы түсі бар, Қанжардай сұсы бар, Күжірейген жалды, Білсен айт бұланды? Үй ішін аралап, Т унде көп жортады. Қантарды жарады, Мысықтан корқады</p> <p>Бүтін біз «Арыстан мен тышқан» атты казак халық ертегісімен танысамыз.</p> <p>Tілустарту жаттығуы:</p> <p>Аң-аң-аң – аң патшасы арыстан.</p> <p>Жұмбак ойыны: «Айна»</p> <p>Максаты: бір кейіпкердің кімділін, коніл күйін</p>	<p>Канша? Реті бойынша нешінші? сұрактарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру үйрету.</p> <p>Міндеті: Реті бойынша нешінші? Қанша?, "Нешінші?" сұрактарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>«Сандық эстафета» ойын жаттығуы. Топтық жұмыс. Педагог балаларды екі командада беледі және катарага түррүларын сұрайды. 1-ден 10-га дейінгі цифры бар карточкаларды әзірлейді. Эр бала карточканы кораптан алып, оны командада қайтарып, содан кейін келесі балаға беруі керек. Барлық 10 карточканы бірінші болып ақелетін команда женіске жетеді.</p> <p>«Сапка тұр» ойыны. 0-9 және 10 сандары бар карточкаларды шыгаруды, ретімен құрастыруды ұсынады. Балалар өздерінің реттік нөмірін атайды. – Бірінші, екінші... оныншы. Педагог корытынды жасайды, балалардан не үйренгенін сұрайды. Балаларды мадактайды</p> <p>Казак тілі</p> <p>Ас атасы -нан</p> <p>Максаты: ересектердің енбегін күрметтеуге,</p>
--	---	--	---

және түрмистық заттар дән, тұқым, суару, ору, дірмен, орақ, кетпен, шалы, айыр, күрек, тырма, сока) сөздерімен толыктыру Ауызекі сөйлеуді карым-катаңас құралы ретінде дамыту.

Казак халқының мәдениеті үй жануарлары жылқы, сиыр, түйе кой, ешкі майдарын бағып карауга баулу.

Видеоролик: «Нан дастарханға қалай келеді?» (нанның қалай, қайdan шыгарылғатыны туралы түсінік беру).

Халқымызда нанға байланысты әртүрлі тыым сөздер бар:

1. Нанды бір көлінмен үзбе!
2. Нанды жерге тастама!
3. Нанды текке лактырма!
4. Нанды төңкеріп қоюға болмайды.
5. Нанды аяқ астына тастама,

Дидактикалық ойын: «Макарон моншақтар» Максаты: Кызыл және көк түстеге боялған макарондар беріледі. Үлдерға көк, ал қыздарға кызыл түсті

ортада, төмен дауыспен кайталату.

Музыка

«Алтынкүз»әні: Т.Кулинов а, сөзі Ә.Асылбек

Максаты: Әнді дұрыс ритммен айтуга үйрету

Міндеті: Лирикалық, вальс ыргағындағы баяу зуендерді кабылдау, аннің (шығарманын) сипаттына сәйкес би кимылдарын орындай білу, аннің карыныңын өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.

Ойын: «Ұзын құлак сұр коян»

корсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көніл күйін қайталайды. Кандай кейіпкер екенін табады.

Ертең шынықтыру

Жүгіру.

Максаты: Жүгіру даяларын қалыптастыру

Міндеті: Кедергілерден оту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа карынмен 1,5–2 минут токтамай жүгіру; жүргүмен алмастыра отырып, 100-120 метр аракашықтықта жүгіру; белгілінген жерге дейін жылдамдықка (ұзындығы 20 метр) жүгіру.

«Тұрлі түсті галамшаар» – бұл галамшардың түрғындары тұрлі дүсті доптарды жақсы кереді. Допты еденге бір қолмен соғып, алакан жайып кайта саусақтың басымен карсы алып, кайтарып, аяқтың жанына карай еденге согу.

нанға ұқыпты карауга тәрбиелеу

Міндеті: Қазак халқының мәдениеті егін шаруашылығына баулу және түрмистық заттар дән, тұқым, суару, ору, дірмен, орақ, кетпен, шалы, айыр, күрек, тырма, сока) сөздерімен толыктыру Ауызекі сөйлеуді карым-катаңас құралы ретінде дамыту.

Казак халқының мәдениеті үй жануарлары жылқы, сиыр, түйе кой, ешкі майдарын бағып карауга баулу.

Біз не білдік?

1. Нанның бидайдан өсетінін.
2. Нанды кастерлеу керектігін.
3. Ұннан әртүрлі тағам түрлері әзірленетінін.
4. Нан - адамның тіршілік корегі.
5. Нан - дастарханға енбекпен келеді.

«Бауырсақ» ертеңін сипаттау

Музыка

«Алтынкүз»әні: Т.Кулинов а, сөзі Ә.Асылбек

Максаты: Әнді дұрыс ритммен айтуга үйрету

Міндеті: Лирикалық,

<p>моншактарды жіпке тізбектеу ұсынылады. Қай топ бірінші аяктаса, сол топ женіске жетеді.</p> <p><u>Дене шыныктыру</u> Жүгіру. Мақсаты: Жүгіру дагыларын калыптастыру Міндегі: Кедергілерден оту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа карынмен 1,5–2 минут токтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр аракашыктықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдықка (ұзындығы 20 метр) жүгіру. «Кокостармен ойнаймыз» Отырған күйде допты екі колмен бастан асыра лактыруға үйрету. Доп үстеган қодды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жогары дұрыс ұшу үшін, бүгілген колды тузу ұстап, допты лактыру шеберліктерін (машықтарын) калыптастыру. Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан</p>		<p>Себеттен түрлі доптарды алып, калауынша тұра калады. Допты еденге бір колмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен карсы алып, кайта кайтарып аяктың жанына қарай еденге согуга тырысады. Допты сокканды күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады. Педагогтің белгісімен келесі ғаламшарға үшады – (көзді жұмып) караңғыда залмен козғалысын жалғастырады</p>	<p>вальс ыргағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би кимылдарын орындаі білу, әннің каркынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Ойын «Шапалак» Мақсаты: Ритмге тұсуді үйрету</p>	
---	--	---	--	--

	жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Доңты сол колмен лақтырады.				
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық көрек-жақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен аңтімелесу. Жүйелі киину(ауа-райына байланысты), дұрыс кіінуді бакылау (сойлеуді дамыту, өзін-еzi тындау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сойлеуді дамыту - Коркем адебиет - Дене шынықтыру - Коршаган ортамен таныстыру				
Серуен	Емдік шөптерді бакылау Мақсаты: - Мектеп ауласында осетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту; • Табигаттың қорғау және сактауга деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру • (экологиялықтарбын е беру) Бақылау барысы: Тәрбисші балаларға алғандағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұраптар қояды: -- Кандай емдік осімдіктерді білесіндер? ♦ Қалакайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамашоп емес пе? Қалакайдың жапырақтарының пайдасы кандай? (онда K,C	Күз көрністерін бакылау Мақсаты: Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бакылауды жалғастыру. (экологиялық тәрбие беру) Бақылау барысы Көркем сөз «КУЗ» К. Ыдырысов Күзім-ау, күзім-ау, Мінезін бұзық-ау. Жанбырын сіркіреп, Келгенін қызық-ау. Жап-жасыл тал мынау, Сары шапан киіпті-ау Айнала түнжырап, Қабагын аспан түйіпті-ау. Тәрбиеші сұраптары: Казір жылдың кай мезгілі?	Тастарды бақылау Мақсаты: Тастардың өлі табигат мүшесі екенідігі жайын түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру. (экологиялық тәрбие беру) Бақылау барысы Балаларға сұраптар. ♦ Табигат нешеге белінеді? Кандай-кандай? ♦Өлі табигатка нелер жатады? - Тастардың кандай түрлері болады (үгілмелі, катты) Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит) Қатты тастарды атаңдар? Кандай таспен асфальтка сурет салуға	Жапырақтардың түсін бақылау Мақсаты: табигаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін көнектізу, —бақылагандарын сойлеу тілінде колдану кабылеттерін қалыптастыру. (экологиялықтарбын е беру) Бақылау барысы Көркем сөз Күзгі жапырақтар. K. Шаңғытбаев Алтын сары, қызыл, кек, Алудан-алудан жапырақ, Күзгі бақта құлімдел, Көз тартады атырап. Күн шуакта маужырап, Жатыр еді атырап. Ағаштардан жасырап, Ұшты көнет	

<p><i>витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатаітады.)</i></p> <p>◆ Қалакай жапырактарын кай уақытта дайындайды? (шикізатты гүлдеген мезгілінде- маусымнан тамызға дейін дайындайды)</p> <p>◆ Итмұрын жемісі несімен бай? (А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары бар; итмұрын жемісін кузеге қарай жапырактары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек).</p> <ul style="list-style-type: none"> • Итмұрынды басқаша калай атайды? <i>(Иван-шай)</i> • Шәйкүрайдың кандай пайдасы бар? (саңын тиоге қарсы және асқазан ауырғанда). <p>Шәйкүрайдың жапырактары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне ете бай, асқазан ауырғанда см болады. Әсірессе ете тәтті шай бір гана гүлдерінен алынаады..</p> <p>-- Жолжелкен (иманжапырак). Оны</p>	<p>Неге күз деп ойлайсындар? Күзде ауа-райы кандай болады? Тағы кандай табигат өзгерістерін білесіндер?</p> <p>Зерттеу жұмысы Жапырактарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар колға тигенде кандай асер (сүйк немесе ылғал) береді</p> <p><i>Here?</i> (бійткені күн салыны немесе жанбыр)</p> <p>Енбек Ойын аланын тазалау <i>Мақсаты:</i> Енбек тапсырмаларын орындауды үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.</p> <p>K/O: «Ормандағы соқпактар».</p> <p><i>Мақсаты:</i> жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.</p> <p>Жеке жұмыс: Жалпы дамыту <i>Мақсаты:</i> жалпы дамыту</p> <p>Жаттыгулары <i>Мақсаты:</i> жалпы дамыту жаттыгуларына деген</p>	<p>болады? (бормен) Неге? (ол жұмсак, жұғады) Көмір кандай тасқа жатады? (үтілмелі) Көмір не үшін керек? (отынга) Асыл тастар деген не? (кымбат тастар)</p> <p>◆ Қалай ойлайсындар, адамдар тастарды колдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлыска т.б.)</p> <p>Зерттеу жұмысы Бор таспен катты тасты салыстырып кору, ұру, сындыру (бор үтіледі, тас сынбайды)</p> <p>Енбек Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> Бірігіп жұмыс істеуге үйрету; Шығармашылық киялдын дамыту.</p> <p>K/O: «Ұшты-ұшты».</p> <p><i>Мақсаты:</i> Тәрбиешіні мұқніят тындауга үйрету;</p> <p>Жаттығу ойындары Козғалысты дамыту.</p>	<p>жапырак. Тәрбиеші сұралктары. Барлық ағаштардың жапырактарының түсі өзгерді ме? Ағаштар мен бұталардың түстері жазда кандай еді? Күздің келуімен олар карай өзгерді? Қайын жапырактарының түсі кандай? (алтын-сары) шетенниң ше? (қызыл) Бәрінен бүрін қай ағаштың жапырағы түсін өзгереді? (қайын) Жапырактардың түсі кезінде кай ағаштың жапырағы ұзак уақыт сакталады? (кайында) Тәрбиеші балаларға агаш жапырактарының жерге түсін бакылауды ұсынады, сұралктар кояды, өлеңді кайталайды</p> <p>◆ Жапырактардың түсүнің кандай манзызы бар? (қызы сүйкә бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмактан сынуынан сактайды, жапырактармен бірге агаш бойындағы керексіз заттар сыртқа</p>
--	---	---	--

<p>кезкелген дала жолынан табуга болады. Оның салқын жапырағын аятын қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусакка жапсыруға болады. Жолжелкен жапырактарында А,К,С витаминдері бар және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жасуға, қан тоқтатуға қолданылады.</p> <p>Жапырактарды өсімдік үзілдеген мезгілде жинаиды.</p> <p>Табигат аясында өзін ұстау ережелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Емдік өсімдіктерді жинағанда тек қана өздерің білетін, Кызыл кітапқа енбекендерін жинау керек; • Өсімдікті тамырымен жұлуға болмайды; • Емдік өсімдіктерді көрсетілген мерзімде ғана жинау керек;; • Бір түп өсімдікті солаймен жұлып немесе кесіп алуга болмайды. <p>Зерттеу жұмысы: Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу.</p> <p>Еңбек: Тәрбиешімен</p>	<p>қызыгуышылтықтарын арттыру, қазылты жағдайларды, қозғалыстарды, қымылдарды түрлендіру,</p>	<p>Мақсаты: допты нысанага лақтыруға жаттықтыру Балалармен асфальтка түрлі-түсті бормен сурет салу «<i>Күзгі табигат</i>»</p> <p>Мақал-мәтеп Асыл тастан шығады, Ақыл жастан шығады.</p>	<p>шығады) ♦Барлық жапырактар бірдей түсे ме? (жок) Түскен жапырактармен бірге ааштар да оле ме? (жок)</p> <p>Зерттеу жұмысы Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырактарын табу, олардан асфальтка өрнек күру.</p> <p>Еңбек Аландағы жапырактарды жинауга аула сыйырушыға көмектесу</p> <p>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.</p> <p>Қ/О: «Тұлкі мен кояндар».</p> <p>Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажыратма білу</p> <p>Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту.</p> <p>Мақсаты: аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.</p>
---	---	--	---

	<p>бірге құлаған, сынған, құраган бұталарды жинау</p> <p>Максаты: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту.</p> <p>Қ/О: «Қасқыр какпан»</p> <p>Максаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аңгарымпаздыққа бауу</p>			
Серуенниен оралу	Балалардың күймдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбактарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын арекеті)	«Энергияны үнемді тұтыну» - табиги ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (Біртұтас тәрбие)		
Балалардың дербес арекеті (базукимылды ойындар, Үстел үсті ойындары, Бейнелеу арекеті, кітаптар Карап және тағы басқа арекеттер)	<p>2. Ақшамшық (сакина салу) – казақ халқының ерте заманнан келе жаткан дәстүрлі ойныны. Оны сакина салу, сакина тастау деп те айтады. Ойынга он – он бес адам катысып, ортага бір жігіті немесе бір қызыды шығарып, колына сакина үстәтады. Ойын ережесі бойынша кыз-жігіттер үйде дөнгелене отырып, екі алаканың бір-біріне кабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушиңін ала- канындағы сакинаны кімге салса да ез еркі. Ол барлық адамдардың алаканына сакина салған болып шығысымен, «Тұр сакинам, тұр», – деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сакина тасталған адам орнынан атып түрга</p>	<p>Куыр-куыр куырмаш. Он колдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол колымен оны бүрмелеп капсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: ортанғы саусағымды тапши, – дейді. Екінші балаға каратайтын үстап тұрады да, міне, -деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, үлпайды бірінші бала тартады. Үткән бала үлпай алу үшін мына ережелермен сездерді жақсы білуі керек.</p>	<p>«Арқан тарту». Бұл екі топқа белінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арканиның екі бала немесе екі топқа белінген балалар тартысады. Кай топ арканды өз жағына тартып, алғы, кесе сол топ жениске жетеді. Екі бала тартысканда кай бала өзіне карай арканды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жениске жетеді.</p>	<p>Ақсерек-көксерек. Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа белінеді, колдарынан ұстап тұрады. Ара қашыктық 20-30 кадам. 1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау аксерек Бізден сізге кім керек. 2-ші топ Ақсерек –ау аксерек Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек Атыаталған бала келесітопқадейін жүгіріпбарыпорт асынанұстасқанқ олдардың жыратып кету керек. Егер етіпкетессо лтоптанбірбалан ытобынаалыпка йтады, отеалмасасолтоп такалады.</p>

	тиісті, «Сакина менде», – деп. Оны көршісі ұстап алмай калса, жүрг алдында өз өнерін көрсетеді.			осылай жалғаса береді.	
Балалармен жеке жұмыс	Конысбай Арынұрға казақша дыбыстарды айтқызу	Мамбетжан Еринар түстерді ажырату	Тұрсынбекұлы Элім жұмбақтар айтқызу	Мұхамбет Айлин 10 көлеміндегі сандарды тұра және кері санау	
Балалардың үйгектайты	<p>Өнегелі 15 минут – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әнгімелесуі.: - балалардың ересектермен емін-еркін карым-катаинас жасау дағдыларын калыптастыру</p> <p>Ата –аналарға кенес Ата-аналар бұрышында жол жүру ережелері туралы кенес беру. «Мектеп жасына дейінгі балалардагы сейлеуді дамыту дағдылары» педагогикалық консультациялар Мениң елім - Мәнгілік ел! тақырыбында үйде әнгімелесу</p>				